

Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2016 жылғы 25 сәуірдегі N 4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 мамырда N 3744 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 14.09.2020 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар үйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы (15) тармақшасына сәйкес Петропавл қалалық мәслихаты **ШЕШІТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібі бекітілсін.

2. "Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша регламенттеу туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2013 жылғы 9 тамыздағы № 4 шешімінің (2013 жылғы 29 тамыздағы Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде тіркелген № 2348, 2013 жылғы 6 қыркүйектегі № 36 "Қызылжар нұры", 2013 жылғы 6 қыркүйектегі № 36 "Проспект СК" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп таңылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Петропавл қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы*

*Петропавл қалалық мәслихат
хатшысы*

E. Баженов

A. Бердагұлов

Петропавл қалалық мәслихатының 2016 жылғы 25 сәуірдегі 2 сессиясының № 4 шешімімен бекітілді

Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібі

1. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы Петропавл қаласының жергілікті атқарушы органына өтініш беріледі.

2. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініштерді еңбек ұйымдарының, қоғамдық бірлестіктердің немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген топтарының он сегіз жасқа толған уәкілдері

б е р е д і .

3. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш оны өткізудің белгіленген мерзімінен кемінде 10 күн бұрын жазбаша беріледі. Өтініште шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысуышылардың ықтимал саны, уәкілдердің (ұйымдастыруышылардың) және қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапты адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (оқитын) жері, өтініштің берілген күні көрсетіледі. Өтініш беру мерзімі оны Петропавл қаласының жергілікті атқарушы органында тіркелген күнінен

б а с т а п

е с е п т е л е д і .

4. Петропавл қаласының жергілікті атқарушы органы өтінішті қарайды және өтініште көрсетілген шараның өткізілетін уақытынан кемінде бес күн бұрын уәкілдерге (ұйымдастыруышыларға) қабылданған шешім туралы хабарлайды.

5. Петропавл қаласының жергілікті атқарушы органы басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ көліктің, өзгеде инфрақұрылым объектілерінің қалыпты жұмыс істеуін, жасыл желектер мен шағын сәулет нысандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, қажет болған жағдайда, өтініш жасағандарға шараны өткізудің өзге уақыты мен жерін

ұ с ы н а д ы .

6. Бейбіт жиналыстар және митингілер өткізу орнын № 1 қосымшаға сәйкес

б е л г і л е у .

7. Шерулер мен демонстрациялар өткізу маршруттарын № 2 қосымшаға сәйкес

о р ы н д ы

б е л г і л е у .

8. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысуышылардың сөз сейлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес белгіленген мерзімде және келісілген жerde өткізіледі.

9. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастыруышылар), сондай-ақ басқа да қатысуышылар қоғамдық

тәртіпті

сақтауға

м індettі .

10. Шараларды ұйымдастыруышылар мен оларға қатысуышылардың:

1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;

2) елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедегі келтіруіне;

3) Петропавл қаласының жергілікті атқарушы органдарының рұқсатынсыз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызыуна;

4) шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;

5) жасыл желектерге, шағын сәulet нысандарына залал келтіруіне;

6) өзімен бірге сұық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы азаматтарға және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;

7) мас және есірткі пайдаланған күйінде қатысуына тыйым салынады.

11. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрацияны өткізу жерлерінде :

1) алкогольді ішімдік, есірткі, психотроптық заттар және олардың аналогтары мен прокурорларын пайдалану;

2) жұрт алдында транспаранттар, ұрандар, басқа материалдар (визуалды, аудио-видео), сондай-ақ қоғамдық тәртіпті бұзуға, қылмыс жасауға, сондай-ақ біреуге тіл тигізуге шақыратын сөз сөйлеуге тыйым салынады.

12. Пикеттер өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізілуі тиіс.

13. Пикетке қатысушылардың қауіпсіздігін және қоғамдық тәртіп сақталуын қамтамасыз ету мақсатында:

1) жеке пикет қатысушылары бір-біріне қатысты арақашықтығы 50 метрден кем емес жерде орналасуы немесе тікелей көрінбейтін жерде болмауы қажет.

2) жергілікті атқарушы органдар бір күнде бір мезетте, бір объектіде 3-тен артық емес жеке пикеттің өткізілуіне рұқсат беруі мүмкін.

14. Пикетке шығу барыснда:

1) пикетке шығу объектісінің жанында отыруға, тұруға;

2) көрнекі насиҳаттау әдістерін қолдануға рұқсат етіледі;

3) қысқа лозунг, ұрандарды тақырыпқа сәйкес ұндеуге.

15. Пикетті басқа митинг, жиналыс, шеру нысанында жалғастыру үшін белгіленген тәртіpte Петропавл қаласының жергілікті атқарушы органдарының рұқсатын алу талап етіледі.

16. Петропавл қаласының жергілікті атқарушы органдары жиналысты, митингті, шеруді, пикетті және демонстрацияны өткізуге қарсылық білдірген немесе оны өткізуге тыйым салуға шешім қабылданған жағдайда уәкілдер немесе ұйымдастырушылар барлық дайындық іс-шараларды және әлеуетті қатысушыларды осы жағдай туралы хабарландыру бойынша дер кезінде шаралар

17. Егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылышын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституациясының, зандары мен езге де нормативтік актілерінің басқа қағидаларын бұзу болса немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, Петропавл қаласының жергілікті атқарушы органы бұларды өткізуге тыйым салады.

18. Бұқаралық шараларды темір жол су және әуе көлігі обьектілерінде, ондай-ақ мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың (қалалық қоғамдық көлік, сумен, электр қуатымен, жылумен және басқа энергия көздерімен жабдықтау) жанында, денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінің жанында өткізуге жол берілмейді

19. Егер өтініш берілмеген болса немесе тыйым салу туралы шешім шығарылса, оны өткізу кезінде тәртіп бұзылған жағдайда, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда Петропавл қаласының жергілікті атқарушы органы өкілінің талабы бойынша жиналыстар, митингтер, шерулер мен демонстрациялар тоқтатылуы тиіс.

20. Петропавл қаласының жергілікті атқарушы орган өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда, оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады.

21. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізудің белгіленген тәртіпті бұзған адамдар Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес жауап береді.


22. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу кезінде оларға қатысушылардың азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекетке келтірген материалдық залалы үшін занда белгіленген тәртіп бойынша өтем жасалуға тиіс.

23. Жиналыс, митинг, шеру, пикет, демонстрация өткізілетін жерде қоғамдық тәртіпті сақтау, үй-жайлар беру, санитарлық тазарту, жарық беру және радиоландыру жөніндегі туындаған барлық қосымша шығындарды олардың ұйымдастырушыларымен өтеледі.


Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің тәртібіне №1 қосымша

Бейбіт жиналыстар және митингілер өткізу орындары

1. Петропавл қаласы, Набережная көшесі, Жеңіс саябағы
(Жеңіс обелискі жаңындағы саябақтың орталық бөлігі)




2. Петропавл қаласы, Жамбыл көшесі, Ядролық апаттардың құрбандарына арналған ескерткіш жаңындағы саябақ




Жамбыл көшесі

3. Петропавл қаласы, Абай көшесі және Әуезов көшесінің қылышы,
(Халыққа қызмет көрсете орталығының артында)




4. Петропавл қаласы, Пушкин көшесі, Театр алаңы
(Қарасай мен Ағынтай батырларының ескерткіштері алдындағы алан)



Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер,
пикеттер және демонстрациялар өткізуудің
тәртібіне №2 қосымша

Шерулер мен демонстрациялар өткізу орындары

1. Петропавл қаласы, Бекетов көшесі қызылысынан Пушкин көшесі, К.Сүтішев көшесі, Жамбыл көшесі, Қазақстан Конституциясы көшесі бойымен мәдениет және демалыс саябағындағы Данқ ескерткішіне дейін



2. Петропавл қаласы, Орталық алаңдан Қазақстан Конституциясы көшесінің бойымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі стеласына дейін




3. Петропавл қаласы, Орталық алаңдан Қазақстан Конституциясы көшесінің бойымен Театр алаңына дейін



4. Петропавл қаласы, Женіс саябағының орталық кіреберісінен Женіс обелискіне дейін

Ярослав Гашек көшесі

Набережная көшесі



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК